

## **Аудиторлық есеп**

Қаратай қаласы

2020 жылғы 23 қазан

№1 дана

**1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** Кәсіпорын «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қаратай гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті Талас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 12 маусымда занды тұлғасы ретінде тіркелген. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қаратай құрылыш-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оған Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№14 Талас колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорның қосу жолымен қайта ұйымдастырылып, кәсіпорын атауының өзгеруіне байланысты Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратай құрылыш-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (әрі қарай - Кәсіпорын) занды тұлға ретінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалының Талас аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде 2018 жылдың 27 желтоқсанында қайта мемлекеттік тіркеуден өткен, бизнес-сәйкестендіру номірі 010540001374.

Кәсіпорынның есеп шоттары екінші деңгейлі «Қазақстан халық банкі» Акционерлік қоғамы Жамбыл облысы, Талас аудандық филиалында тіркелген, номірі: KZ39601016100009185, БСК HSBKKZKX, бизнес-сәйкестендіру номірі 010540001374, кәсіпорын коды 16.

Занды тұлғаның тұрған жері: 080800, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратай қаласы, Т.Рысқұлов көшесі, 1 үй, байланыс телефоны: 8(72644) 2-24-84.

**2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі:** тиімділік аудиті.

**3. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма:** Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаевтың 2020 жылғы 8 қазандығы №31 тапсырмасы.

**4. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген:** Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас маман - мемлекеттік аудиторы Абильдаева Гульшат Нуркеримовна.

**5. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы:** Қызметтің тиімділігін бағалау мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу.

**6. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғанда.

**7. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі:** 2020 жылдың 12 қазанынан бастап 2020 жылдың 24 қазанына дейін.

**8. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары:** Кәсіпорын директоры Докторбек Манатбекович Маселбековтың келісімімен және осы Кәсіпорынның бас есепшісі Рая Рахмановна Мырзахметованың қатысуымен ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде кәсіпорынның бірінші қол қою құқығы Кәсіпорын директоры Д.М.Маселбековке (ЖСН: 610223303153), екінші қол қою құқығы бас есепші Р.Р.Мырзахметоваға (ЖСН: 630216401951) жүктелген.

*А/* *Ал. 5* *41*

**9. Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) нәтижелері туралы мәліметтер:** Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ж.Жапаров тарапынан Кәсіпорында 01.04.2016-30.06.2018 жылдар аралығындағы кезенге жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың пайдаланылуына, бухгалтерлік есепті жүргізу жне қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы және дұрыстығына сәйкестік, сыртқы мемлекеттік аудит жүргізілген (2018 жылғы 20 шілдедегі аудиторлық есеп).

Аудит қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» №1103 қаулысымен бекітілген 1-қосымшасының 3-тармағы талабы сақталмай, 2016 жылдың сәуір-маусым айлары аралығында кәсіпорын қызметкеріне еңбекке жарамсыз параграфы бойынша жәрдемақының бір айға төленетін мөлшері он бес айлық есептік көрсеткіштен асып, 108,0 мың теңге артық есептелген, аудит барысында жергілікті бюджетке нақты құю арқылы өндірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200 жылғы 22 қыркүйектегі «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» №1428 Қаулысының талаптары сақталмай, кәсіпорын қызметкерлеріне 9,0 мың теңге артық төленген, аудит барысында жергілікті бюджетке нақты құю арқылы өндірілді. Кәсіпорында 2016 жылдың сәуір айынан 2018 жылдың маусым айын қоса алғандағы аралықта 5 513,0 мың теңгеге қызметтік іссапарлар бойынша тәулікақы мөлшері және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу үшін шекті мөлшерлер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандагы «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысуышылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серікtestіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» №145 Қаулысы 1-тармағы 3) тармақшасы талаптарына сәйкес тиістілік нормативтерімен бекітілмеген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандагы «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» №116 Қаулысы талаптары бұзылып 33,6 мың теңге шәкіртакы негізсіз төленгені анықталған, аудит барысында жергілікті бюджетке нақты құю арқылы өндірілді. Кәсіпорын мен «Рысбаева и Ко» ЖШС арасында 2017 жылдың 27 ақпанында №16 жасалған келісім шарт талаптары сақталмай, тауарларды жеткізу мерзімі он күнтізбелік күннен кем болмауы керектігі ескерілмей, 2 күнге белгіленген. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабы, 22 тармағының талаптары сақталмаған.

Аудит барысында бұзушылықтарға жол бергендейгі үшін басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Анарбековаға, бас есепші Р.Мырзахметоваға, есепші С.Сарсенбаеваға «ескертү» түрінде тәртіптік жазалар қолданылған.

**10. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:** Кәсіпорын жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға.

Кәсіпорын қызметінің мәні: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаттары: нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі және практикалық тәжірибесі бар, техникалық, кәсіптік және орта білім беруден кейінгі білікті мамандарды даярлау, еңбек рыногында және өндірістің салаларындағы талаптарды есепке ала отырып, білікті мамандарды сапалы даярлауды үнемі жетілдіру, қолда бар лицензия негізінде мамандарды қайта оқыту және қайта даярлау, техникалық және кәсіптік білімі бар жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру.

Кәсіпорын қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру және қосымша кәсіптік бағдарламалары, оның ішінде ақылы (жеке, курстық оқыту мамандық бойынша қайта даярлау және білімін жетілдіру).

Кәсіпорын құрылтайшысы уәкілетті орган: Жамбыл облысы әкімдігі, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы.

## **1. Мемлекеттік кәсіпорын қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар және қызметін бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы**

Білім беру қызметімен айналысу туралы №KZ18LAA00013942 мемлекеттік лицензия 2019 жылдың 04 ақпанында Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Жамбыл облыстық департаментімен (алғашқы берілген күні 21.09.2009 жыл) берілген.

2018 жылғы 1 қыркүйекке 9 мамандық бойынша («Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Химиялық технология және өндіріс», «Электрмен қамтамасыз ету», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу пайдалану», «Ақпараттық жүйелер», «Фимараттар мен құрылыштарды салу, пайдалану», «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді инженерлік жүйелерді пайдалану», «Газбен жабдықтау, жүйелерді монтаждау, пайдалану», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу») білімгерлер саны 447, орта есеппен 395.

2019 жылғы 1 қыркүйекке 11 мамандық бойынша («Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Химиялық технология және өндіріс», «Электрмен қамтамасыз ету», «Дәнекерлеу ісі», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу пайдалану», «Ақпараттық жүйелер», «Фимараттар мен құрылыштарды салу, пайдалану», «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді инженерлік жүйелерді пайдалану», «Газбен жабдықтау, жүйелерді монтаждау, пайдалану», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу», Фермерлік шаруашылық») білімгерлер саны 447, орта есеппен 413.

2020 жылғы 1 қыркүйекке 11 мамандық бойынша («Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Химиялық технология және өндіріс», «Электрмен қамтамасыз ету», «Дәнекерлеу ісі», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу пайдалану», «Ақпараттық жүйелер», «Фимараттар мен құрылыштарды салу, пайдалану», «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді инженерлік жүйелерді

пайдалану», «Газбен жабдықтау, жүйелерді монтаждау, пайдалану», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу», «Фермерлік шаруашылық») білімгерлер саны 421, орта есеппен 387.

2018 жылдың 1 қыркүйегіне бір маманды оқытуға жұмсалатын шығынның орташа құны бөлінген бюджет қаражатының оқытын білімгер санына бөлу арқылы есептелініп, 25 900,0 теңге, 2019 жылдың 1 қыркүйегіне 25 900,0 теңге, 2020 жылдың 1 қыркүйегіне құны 28 900,0 теңгені құраған.

**1-тармақ.** Техникалық және кәсіптік білім алғып жүрген білімгерлердің құрамына жасалған талдау жұмыстары нәтижесінде 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында барлығы 33 білімгер, оның ішінде: 2019 жылы 32 білімгер бір маманды оқытуудың орташа құнымен есептегендеге 3 211,2 мың теңгеге, 2020 жылы 1 білімгер бір маманды оқытуудың орташа құнымен есептегендеге 422,44 мың теңгеге әр түрлі себептермен (ішкі тәртіп ережесін орындамау, оқу жоспарына сәйкес курстық бағдарламаны орындамау, оқудан бас тарту және т.б.) окудан шығып қалғаны анықталды және осы білімгерлерді оқытуға жұмсалған бюджет қаражатының көлемі **3 633,6 мың теңгени** құраған. Сонымен қатар, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алғып жүрген білімгерлердің жауапкершілігі мен окуды аяқтамай кеткен жағдайда білім алуға жұмсалған бюджет қаражатының қайтарылу **тәртібі реттелмеген**. Бұл жағдай техникалық және кәсіптік білім алу үшін бөлінген бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына теріс әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысының (29.10.2018 жылға дейін қолданыста) «Техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау» мақсатында көрсетілген 1-нысаналы индикатор бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, окуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТЖКБ оқу орындары түлектерінің үлесі 2019 жылы 95 % болуы көзделген, нақты орындалуы 90,0%. (2018-2019 оқу жылы 5 мамандық бойынша 80 білімгер аяқтады, жалпы еңбекпен қамтылғандар саны 72, яғни 90%). Нысаналы индикатор көрсеткіші орындалмаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысының «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мақсатында» көрсетілген 1-нысаналы индикатор бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, окуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТЖКБ оқу орындары түлектерінің үлесі 2018 жылы (нақты) - 90%, 2020 жылы - 64% болуы көзделген.

Жоғарыда көрсетілген білім беру үйимдары түлектерінің окуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасуының және еңбекпен қамтылуы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін орындалған міндеттер нәтижелері төмендегідей:

«ТЖКБ жүйесінің беделін арттыру - типтік жастағы (14-24) жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту»: 2018 жылы 18,4%, 2019 жылы 20%,

2020 жылы 11% орындалған;

Кәсіби бағдар беру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген, орындалуы қамтамасыз етілген, аталған іс-шараларға қала мен елді мекендердегі мектептердің 9 сынып бітірушілері қамтылған, колледждің оқу-материалдық базасымен таныстырылып, өткізілген мамандыққа бейімдеу семинарлары мен кеңестер, пікірсайыс турнирлері, жасөспірімдер чемпионаттары туралы хаттамалар, материалдар ұсынылды. Кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша үгіт насиҳат парапашалары колледжін ресми сайтында жарияланған. 2018-2020 жылдар аралығында аудан мектептерінің 9 сынып базасында бітірген түлектерді техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіштері төмегедідей:

2017-2018 оқу жылы бітірген 9 сынып оқушылары саны барлығы 684 оқушы, оның ішінде колледжге қабылданғаны 126 оқушы, яғни 18,4%, 2018-2019 оқу жылы бітіргендегер саны 748 оқушы, оның ішінде колледжге қабылданғаны 150 оқушы, яғни 20,0%, 2019-2020 оқу жылы бітіргендегер саны 778 оқушы, оның ішінде колледжге қабылданғаны 85 оқушы, яғни 11,0%.

«ТжКБ колжетімдігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету»:

«Колледждің заманауи оқыту жабдығымен жарактандырылған оқу-өндірістік шеберханаларының, зертханаларының және арнайы пәндер кабинеттерінің үлесі 2018 жылы 41,5%, 2019 жылы 50%.

Кабинеттер мен зертханалар интерактивті құралдармен жабдықталған, шеберхана және зертхана, арнайы кабинеттердің 50 пайызы заманауи оқыту құралдарымен жабдықталған, зертханалардың 40% ақпараттық ресурстарды пайдалануға мүмкіндіктері бар.

«Аkkредиттеу рәсімінен өткен мемлекеттік колледждер»: колледж 2019 жылы желтоқсан айында аккредиттеуден өтті, мамандандырылған аккредиттеу туралы, институционалдық аккредиттеу туралы күзілктері берілген (жарамдылық мерзімі 24.12.2024 жылға дейін).

«Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етілген ТжКБ мамандықтарының үлесі: 2015 жылдан бастап «Фимараттар мен үймереттердің құрылышы мен пайдалану» мамандығы бойынша модульді оқыту жүйесінің республикалық эксперименттік алаңы ретінде танылған, типтік оқу жоспары уәкілетті органмен бекітілген. 2017 жылдан бастап облыс деңгейінде кәсіптік стандартқа жаңартулар енгізу мақстаныда модульдік оқыту технологиясын енгізуде «Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Фимараттар мен үймереттер құрылышы мен пайдалану», «Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» мамандықтары, 2018 жылдан бастап кәсіптік стандарт негізінде «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы, 2019 жылдан бастап «Электрмен қамтамасыз ету», «Ақпараттық жүйелер», «Химиялық технология және өндіріс» мамандықтары модульдік оқу жүйесіне көшірілген.

«Технологиялық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша дауальді оқытудың негізгі қағидаттарын енгізген колледждер үлесі»: 2018 жылы 25%, 2019 жылы 31,5%;

2020-2021 оқу жылынан бастап «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 20 білімгері дауальды оқыту жүйесіне енгізілген. Білімгер, мекем, колледж арасындағы келісім шарттар Жамбыл облыстық кәсіпкерлер палатасы арасында

тіркелген. Сонымен қатар 4 мамандық бойынша 8 мекемемен 118 білімгер «дуальды оқыту» технологиясымен білім алуда, жалпы білімгерлер санының 31,2 пайызы.

«Қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, жастар ісі жөніндегі комитеттер қызметіне қатысу және т.б.) тартылған ТжКБ ұйымдарында оқитын білімгерлер үлесі»: 2018 жылы 40%, 2019 жылы 60%;

2018-2019 оқу жылына жастар ісі жөніндегі қызметі бойынша 18 іс-шара, жоспарланып, 100 пайыз орындалған. Сонымен қатар жоспардан тыс 47 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде 17 іс-шара «Рухани жаңғыру», 12 іс-шара «Жастар жылы» бағдарламалары бойынша.

2019-2020 оқу жылына жастар ісі жөніндегі қызметі бойынша 29 іс-шара, жоспарланып, 100 пайыз орындалған, еріктілер қозғалысы жасақталған. Сонымен қатар жоспардан тыс 92 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде 42 іс-шара «Рухани жаңғыру», 15 іс-шара «Жастар жылы», 37 іс-шара «Волонтерлар жылы» бағдарламалары бойынша жүргізілген.

2020-2021 оқу жылына жастар ісі жөніндегі қызметі бойынша 30 іс-шара, жоспарланып, бекітілген, 24% орындалған, еріктілер қозғалысы жасақталған. Сонымен қатар жоспардан тыс 10 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде 2 іс-шара «Рухани жаңғыру», 2 іс-шара «Волонтерлар жылы» бағдарламасы бойынша жүргізілген.

«Спорттық секциялармен қамтылған ТжКБ білімгерлер үлесі»: 2018 жылы 60%, 2019 жылы 70%. 2018-2019 оқу жылы 460 білімгерден 391, 2019-2020 оқу жылы 427 білімгерден 362, 2020-2021 оқу жылы 321 білімгерден 321 білімгер спорт секцияларына қатысады. Спорттың «көгалдағы хоккей» түрінен 4 білімгер спорт шеберлері, «асық ату» түрінен 1 спорт шебері атақтары берілген.

«Кәсіпкор холдингі» КЕАҚ тәжірибелін енгізген колледждер үлесі: өзектендірілген типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. 2017 жылдан бастап «Кәсіпқой холдингі» КЕАҚ ұйымдастыруымен «World skills» бақауы өткізіліп, колледж жоғары нәтиже көрсеткен. «Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша әлеуметтік серіктестік «ИнтерГаз Орталық Азия» АҚ Талас газ шаруашылығы бөлімшесі мамандарының қатысуымен демонстрациялық емтихандар өткізілген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 43-бабы, 2 тармағы талаптарына сәйкес, білім беру ұйымдары өз қызметін жария түрде жүзеге асырады, жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етуі тиіс. Білім беру процесінің сапасына, ресурстардың қолжетімдігіне қанағаттануын анықтау бойынша білімгерлермен кері байланыс жасау үшін «Директор блогы» бөлімі қарастырылған. Жеке мәселелер бойынша қабылдау регламенті, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, нормативтік-құқықтық актілер орналастырылған.

Білім беру ұйымының қызметін жария түрде жүзеге асыру, хабардар ету, ұсынылатын мәліметтер мен ақпараттардың анықтығы мен толықтығы, қолжетімдігі талапкерлер үлесінің артуына септігін тигізеді.

Бағдарламаның «Мемлекеттік кәсіпорын қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар және қызметін бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы» мәселесі тексерілді.

*Мансура*

## 2. Еңбек ресурстарын жұмыспен тиімді және нәтижелі қамту

Кәсіпорында жалпы қызметкерлер саны 95 адам, оның ішінде бала күтімінде 8 адам, оқытушылар 42 (оның ішінде: оқытушылар саны 39, оку өндіріс шеберлері саны 3 (жоғарғы санатты 17, бірінші санатты 14, екінші санатты 7, санаты жоқ 4 оқытушы, техника ғылымдары кандидаты 1, ғылым магистрі 2, жалпы сапа көрсеткіші 74%), әкімшілік қызметкерлер 12 адам, оку көмекші қызметкерлер 6 адам, шаруашылық қызметкерлер 27 адам. 66 маман жоғары білімді, 6 маман кәсіптік орта білімді, 23 маман орта біліммен, 1 маман зейнеткерлік жаста.

Барлық маман бойынша лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген лауазымдық міндеттер орындалуда.

Кәсіпорын қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру жоспары Кәсіпорын директорымен бекітілген, 2018 жылдың екінші жартысында 11 оқытушы, 2019 жылы 10 оқытушы, 2020 жылы 15 оқытушы біліктілік арттыру курстарынан өткен.

Еңбек акы жөніндегі саясат кәсіпорында басқарудың құрамды бөлігі болып табылады және оның қызметінің тиімділігі елеулі ықпал етеді. Кәсіпорында жалақы саясатын әзірлеуде және оны ұйымдастыруда жалақының мына төмендегі принциптері ескерілген: атқарылған жұмыс есебінің көлемі, күрделілігі, еңбек біліктілігінің деңгейі, зиянды еңбек жағдайының және ауыр деңе еңбегінің есебі, еңбек сапасына және еңбекке қатыстылығының адалдығы үшін ынталандыру, ақаулық жібергені үшін және өзінің міндеттіне жауапсыздықпен қарағандығы үшін материалдық жазалау.

Бағдарламаның «Еңбек ресурстарын жұмыспен тиімді және нәтижелі қамту» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жоқ.

*Тексерілген құжаттар тізбесі: «Есеп саясаты», кәсіпорынның 2019-2020, 2020-2021 оку жылдарына оқытушылардың сандық-сапалық құрамы, тізім; еңбек кітапшалары; лауазымдық нұсқаулықтар, білімін растайтын құжаттар түпнұсқалары және т.б.*

## 3. Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің даму жоспарларының орындалу нәтижелері

Кәсіпорын 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарларын әзірлеу, құрылымы, нысандары, көрсеткіштер тізілімі, есептердің құрылымы, нысандары, орындалуы жөніндегі есептерді беру жұмыстары барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.03.2015 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №248 бұйрығы (14.02.2019 жылға дейін қолданыста), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіktestіkтердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №14 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 28.02.2012 жылғы №52 және

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.03.2012 жылғы №140 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының құрылымын, нысандарын, көрсеткіштер тізілімін бекіту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының қүші жойылды деп тану туралы» Бірлескен бұйрығы, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 28.02.2012 жылғы №53 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.03.2012 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын іске асыру жөніндегі есептің құрылымын, нысандарын, көрсеткіштер тізілімін бекіту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының қүші жойылды деп тану туралы» №141 Бірлескен бұйрықтары талаптарына сәйкес жасалған.

Кәсіпорынның 2018, 2019 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің даму жоспарының орындалуы бойынша электронды есептер бірыңғай есептілік тапсыру жүйесі (ECCO) арқылы тапсырылған.

### **2018 жыл**

Жоспарланған кірістердің жалпы сомасы 226 579,0 мың тенге, жоспарда ескерілген шығыстардың жалпы сомасы 226 579,0 мың тенге.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен Қәсіпорын арасында 10.01.2018 жылы жалпы сомасы 56 626,0 мың тенгеге №1-23, 03.04.2018 жылы жалпы сомасы 35 473,0 мың тенгеге №1-23, 07.06.2018 жылы жалпы сомасы 39 058,0 мың тенгеге №23-3, 02.07.2018 жылы жалпы сомасы 5 884,0 мың тенгеге №23-4, 08.09.2018 жылы жалпы сомасы 41 947,0 мың тенгеге №23-5, 07.11.2018 жылы жалпы сомасы 38 899,0 мың тенгеге №23-6 білім беру қызметін көрсету туралы келісім-шарттары мен 07.11.2018 жылы жалпы сомасы 38 857,0 мың тенгеге №23-6 келісім-шартқа №1 қосымша келісім-шарттар жасалып, аудит барысында шілде-желтоқсан айларында жалпы сомасы 94 727,0 мың тенгеге орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) бойынша екі тарап толық көлемде қабылдаған және қол қойылған актілер ұсынылды.

### **2018 жылдың 1 шілде – 31 желтоқсан аралығы**

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік, 015 Жергілікті бюджет каражат есебінен кіші бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 92 242,0 мың тенге жоспарланған, игерілгені 92 242,0 мың тенге;**

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік, 011 Республикалық бюджеттен бөлінген трансферт есебінен кіші бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 2 485,0 мың тенге жоспарланған, игерілгені 2 485,0 мың тенге;**

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқаны, сондай-ақ жоспарланған шығыстан нақты шығыстың артқан жағдайлары анықталған жок.

Бөлінген каражат қызметкерлер жалақысы, білім алушылар стипендиясы, жол жүру өтемақысы, салық, коммуналдық төлемдер, тағам өнімдеріне жұмсалған.

### **2019 жыл**

Жоспарланған кірістердің жалпы сомасы 259 099,0 мың тенге, жоспарда ескерілген шығыстардың жалпы сомасы 259 099,0 мың тенге.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен Кәсіпорын арасында 25.01.2019 жылды жалпы сомасы 62 432,0 мың теңгеге №22, осы келісім-шартқа 25.01.2019 жылды жалпы сомасы 61 480,0 мың теңгеге қосымша келісім-шарты, 07.02.2019 жылды жалпы сомасы 1 027,0 мың теңгеге №22-Р, 12.03.2019 жылды жалпы сомасы 514,0 мың теңгеге №22-Р-1, 08.04.2019 жылды жалпы сомасы 36 583,0 мың теңгеге №22-А, 10.06.2019 жылды жалпы сомасы 47 004,0 мың теңгеге №22А-1, 14.08.2019 жылды жалпы сомасы 17 001,0 мың теңгеге №6-1, 23.09.2019 жылды жалпы сомасы 93 510,0 мың теңгеге №15 білім беру қызметін көрсету туралы келісім-шарттары және 14.08.2019 жылғы №6-1 келісім-шартқа 23.10.2019 жылды жалпы сомасы 17 719,0 мың теңгеге №1-6 қосымша келісім-шарты, 23.09.2019 жылғы №15 келісім-шартқа 05.12.2019 жылды жалпы сомасы 86 074,0 мың теңгеге №1-6 қосымша келісім-шарттары жасалып, аудит барысында жалпы сомасы 250 401,0 мың теңгеге орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) бойынша екі тарап толық көлемде қабылдаған және қол қойылған актілер ұсынылды.

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандар даярлау»** бюджеттік, 015 Жергілікті бюджет қаражат есебінен кіші бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 232 929,0 мың теңге жоспарланған, игерілгені 232 929,0 мың теңге;

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандар даярлау»** бюджеттік, 011 Республикалық бюджеттен бөлінген трансферт есебінен кіші бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 17 472,0 мың теңге жоспарланған, игерілгені 17 472,0 мың теңге;

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқаны, сондай-ақ жоспарланған шығыстан нақты шығыстың артқан жағдайлары анықталған жоқ.

Бөлінген қаражат қызметкерлер жалақысы, білім алушылар стипендиясы, жол жүру өтемақысы, салық, коммуналдық төлемдер, тағам өнімдеріне жұмсалған

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқан жағдайлары анықталған жоқ.

Бөлінген қаражат қызметкерлер жалақысы, білім алушылар стипендиясы, жол жүру өтемақысы, салық, коммуналдық төлемдер, тағам өнімдеріне жұмсалған.

### **2020 жылдың 1 қаңтары мен 30 қыркүйек аралығы**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен Кәсіпорын арасында 24.01.2020 жылды жалпы сомасы 72 862,0 мың теңгеге №8, 16.04.2020 жылды жалпы сомасы 87 585,0 мың теңгеге №55 және осы келісім-шартқа қосымша жалпы сомасы 96 483,0 мың теңгеге №55-Д шарты, 10.07.2020 жылды жалпы сомасы 20 530,0 мың теңгеге №147, 18.09.2020 жылды жалпы сомасы 25 921,0 мың теңгеге №197 білім беру қызметін көрсету туралы келісім-шарттары жасалып, аудит барысында қантар-қыркүйек айларында жалпы сомасы 215 796,0 мың теңгеге орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) бойынша екі тарап толық көлемде қабылдаған және қол қойылған актілер ұсынылды.

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандар даярлау»** бюджеттік, 015 Жергілікті бюджет қаражат есебінен кіші бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 182 795,0 мың теңге жоспарланған, игерілгені 182 795,0 мың теңге;

**024 «Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында мамандар даярлау»** бюджеттік, 011 Республикалық бюджеттен бөлінген трансферт есебінен кіші

бағдарламалары, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 29 763,0 мың теңге жоспарланған, игерілгені 29 763,0 мың теңге;

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқаны, сондай-ақ жоспарланған шығыстан нақты шығыстың артқан жағдайлары анықталған жоқ.

Бөлінген қаражат қызметкерлер жалақысы, білім алушылар стипендиясы, жол жүру өтемақысы, салық, коммуналдық төлемдер, тағам өнімдеріне жұмсалған.

Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау жөніндегі акпарат 1-кестеде тіркеледі.

Бағдарламаның «Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің, даму жоспарларының орындалуына талдау» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жоқ.

*Тексерілген құжаттар тізбесі: «2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарлары», көрсеткіштер тізлімі, есептер, 2018, 2019, 2020 жылдарға қаржыландыру жоспарлары, Кәсіпорынның кіріс және шығыс сметалары, 2018, 2019 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің даму жоспарының орындалуы бойынша электронды есептер, ЕССО арқылы тапсырылғандығын және есептің қабылданғандығын растайтын құжаттар және т.б.*

#### **4. Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы**

Кәсіпорында 2018 жылдың 1 қыркүйегіне (104,3 бірлік) орташа бір айлық еңбекақы коры 7 697,0 мың теңге, 2019 жылдың 1 қаңтарына 8 137,3 мың теңгені құраған. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне (117,4 бірлік) орташа бір айлық еңбекақы коры 10 412,5 мың теңге, 2020 жылдың 1 қаңтарына 11 972,2 мың теңгені құраған. 2020 жылдың 1 қыркүйегіне (102,8 бірлік) орташа бір айлық еңбекақы коры 10 784,3 мың теңге.

Штат кестелеріне еңбек ақы қорлары сәйкес, артық штат ұстай фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорынның бекітілген штаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шарттарын және педагог қызметкерлер мен оларға тәсестірліген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» №77 қаулысы талаптарына сәйкес келеді.

Кәсіпорында еңбекақы төлеу жүйесі туралы Ереже «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ мен «Қазақстандық салалық білім және гылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жамбыл облыстық ұйымы» ҚБ арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісіммен (әрі қарай - Әріптестік туралы келісім) бекітілген.

Жұмысшылар мен қызметшілерге еңбекақылардың есептелінуі мен төленуі іріктең қарағанда, Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ұстемеақылар белгілеу ережесі» №1127 қаулысының талаптарына сүйеніп, әзірленген.

Кәсіпорында жұмысшылар мен қызметшілерге еңбекақының есептелінуі мен төленуі, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылатын бір лаузымдық айлықақы мөлшеріндегі сауықтыру жәрдемақыларының және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерлері, төлемдері жоғарыдағы аталған Ереженің талаптарына сәйкес жүргізлген.

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексі 103-бабы, 2 тармақшасы талаптарына сәйкес жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алғынған накты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді. **2-тармак.** Кәсіпорын оқытушысы Б.Танатаровтың 17.01.2019-25.01.2019 мерзімі аралығында аралығында еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жұмыста болмағандығы ескерілмей, бір айдағы оку жүктемесі 37,9 мың теңге, оқытушы Ж.Изтлеуованың 21.05.2019-28.05.2019 мерзімі аралығында аралығында еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жұмыста болмағандығы ескерілмей, бір айдағы оку жүктемесі 27,0 мың теңге, барлығы **64,9 мың теңге** артық есептеліп төленген.

**3-тармак.** Еңбекке уақытша жарамсыздық парактары бойынша оқытушы Қ.Байсейтовке 01.09.2019-03.10.2019 мерзімі аралығында аралығында әлеуметтік жәрдемақы 13,6 мың теңге, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша еден жуушы З.Ботабековаға 01.10.2018-31.10.2018 мерзімі аралығында аралығында әлеуметтік жәрдемақы 3,1 мың теңге, барлығы **16,7 мың теңге** артық есептелініп төленген.

Еңбекақы төлеу кезінде туындаған сұрақтарды шешу үшін, кәсіпорында Ережеде белгіленген тәртіппен тиісті тарификациялық комиссия құрылған. Жұмысшылар мен қызметшілердің еңбекақылары банктен өткізілген төлем тапсырмалар, еңбекақы есептеу түбіртктерімен тексеру, салыстыру барысында айырмашылықтар анықталған жок.

Бағдарламаның «Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы» мәселесі тексерілді.

## **5. Орналасқан аландардың, артық аландарды және құрал-жабдықтарды мүліктік жалға беру ережесінің белгіленген нормативтерінің сақталуы**

Кәсіпорында аландар нормаларын пайдалану үшін тиесілілік нормалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 акпандадағы «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік коғамдарды және олардағы мемлекеттік катысу үлестерінің мөлшері катысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серік тестіктерді онтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» №145 қаулысының 1 тармағының 3 тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған аландар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №335 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 17 наурыздағы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобилдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік

органдардың аппаратын орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» №179 бұйрығының талаптарына сәйкес пайдаланған.

Теориялық және өндірістік оқыту жалпы ауданы 5 232,2 шаршы метр төрт кабатты ғимараттың оқу корпусынан тұратын оқу-өндірістік кешенінде жүзеге асырылады. Оның ішінде оқу алаңы 3500 шаршы метр, шеберханалар ауданы 288 шаршы метр, асхана 72 шаршы метр, оқу корпусында орналасқан жатақхана сыйымдылығы 35 орын, жалпы ауданы 453,9 шаршы метр.

Кәсіпорын ғимаратының артық аландарын және құрал-жабдықтарын мүліктік жалға беру фактілері анықталған жок.

Кәсіпорын білім беру объектісін сумен жабдықтауда, жылумен жабдықтауда, жарықтандыруда, желдетуде, ауаны баптау, жөндеу және күтіп-ұстауда, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикада, өндірістік бақылау, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайлары, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуде қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы №611 бұйрығы талаптары басшылыққа алынған.

Бағдарламаның «Орналасқан аландардың, артық аландарды және құрал-жабдықтарды мүліктік жалға беру ережесінің белгіленген нормативтерінің сақталуы» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жок.

*Тексерілген құжсаттардың тізбесі: журнал-ордерлер, бас кітaby, мемлекеттік менишік құқығын растайтын құжсаттар, техникалық паспорттар, инвентаризациялық тізімдер және т.б.*

## 6. Тауар-материалдық қорларын және өзге активтерін тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 8-бабы 3-тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №241 бұйрығының талаптарына сәйкес, кәсіпорынның 12.10.2020 жылғы №121 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді активтерге және запастарға ірікten түгендеу жүргізілді. Түгендеу нәтижесінде артық не кем шығу, тауар жетіспеу фактілері анықталған жок.

Активтердің, тауарлы-материалдық запастарының есептен шығарылуының дұрыстығын тексеруде кемшіліктер анықталған жок.

Материалды жауапты тұлғалармен материалдық жауапкершілік туралы келісім шарттар жасалынған, негізгі құралдарға инвентарлық нөмірлер қойылған. Материалдық құндылықтардың сақталу жағдайы және оларға сай келетін қойма жайлары қамтамасыз етілген.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексі 4-бабының 12)-тармақшасында көрсетілген бюджет жүйесі принциптеріне негізделген «тиімділік қағидаты» ұстанымы басшылыққа алынбай, 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бабында көзделген мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принциптеріне кайши қәсіпорын меншігіндегі активтер мен негізгі құралдар түрлі

себептермен пайдаланылмай тұрғандығы анықталды. **4-тармак.** Атап айтқанда Аққөл ауылында орналасқан құрылымдық бөлімшесі оқу ғимараттары оку корпустары мен жапсарлас салынған жатақхана бүгінгі күнге контингент болмауынан қабылдау жүргізілмегендіктен: жалпы аумағы 24,47 га (баланстық құны 12 119,3 мың теңге) жер телімі, әкімшілік ғимараты (баланстық құны 1 461,6 мың теңге), оқу корпусы (баланстық құны 1 279,9 мың теңге), өндірістік шеберхана (баланстық құны 1 169,5 мың теңге), №1,2 жатақхана ғимараттары (баланстық құны 1 005,5 мың теңге), тир ғимараты (баланстық құны 226,9 мың теңге), жеміс сақтау ғимараты (баланстық құны 134,5 мың теңге) жалпы құны **17 397,2 мың теңгені** құрайтын ғимараттар мен жер телімі мақсатына сәйкес пайдаланылмай бос тұрғаны анықталды.

Кәсіпорын тенгеріміндегі 2 дана мультимедиялық подиум (баланстық құны 1 750,0 мың теңге), интерактивті ЛСД панель-70 (баланстық құны 1 750,0 мың теңге) толық жабдықталмауынан, МТЗ-80 маркалы трактор (баланстық құны 3 300,0 мың теңге), ЭБП-9 маркалы экскаватор (баланстық құны 6 700,0 мың теңге), Беларус 82-1 маркалы трактор (баланстық құны 3 950,0 мың теңге), пресс-погрузчик (баланстық құны 3 000,0 мың теңге) қосалқы бөлшектерінің жетіспеушілігінен, істен шыққандығына байланысты, барлығы **20 450,0 мың теңгеге** негізгі құралдар мен активтер пайдаланылмай тұр.

Бағдарламаның «Tauar-материалдық қорларын және өзге активтерін тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы» мәселесі тексерілді.

## **7. Мемлекеттік сатып алуды жүргізу және шарттар талаптарының орындалу рәсімдері**

Мемлекеттік сатып алуларды мемлекеттік аудитпен қамту барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (01.01.2016жылдан бастап қолданыста) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бүйрүғы (01.01.2016жылдан бастап қолданыста) басшылықтарға алынып тексерілді.

2018 жылғы шілде-желтоқсан айларында жылдық жоспарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, 6 486,3 теңгеге орындалған, оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 1 235,4 мың теңге, тікелей шарт тұжырымы бір дереккөзден сатып алу тәсілімен 5 250,9 мың теңге.

2019 жылы жылдық жоспарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп 22 090,0 мың теңгеге орындалған, оның ішінде: өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен 43,6 мың теңге, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 868,7 мың теңге, тікелей шарт тұжырымы бір дереккөзден сатып алу тәсілімен 21 177,7 мың теңге.

2020 жылдың 1 қантары мен 30 қыркүйегі аралығында жылдық жоспарға өзгертулер толықтырулар енгізіліп 11 634,9 мың теңгеге орындалған. Оның ішінде: тікелей шарт тұжырымы бір дереккөзден сатып алу тәсілімен 11 634,9 мың теңге.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бүйрүғының 424-тармағына сәйкес шарттың орындалғаны туралы құжаттар (тауарды қабылдап алу-беру актісі, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі, шот фактура электронды

нысанды рәсімделеді. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа 1-көсімшасының №9 бағанында тапсырыс беруші көрсететін өнім берушінің жоспарланған тауар жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мерзімдері туралы ақпарат көрсетіледі. **5-тармақ.** Кәсіпорынмен 2018 жылы жалпы сомасы 2 645,3 мың теңгеге барлығы 16 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауар жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету мерзімдері белгіленбegen. Бұл тараптар міндеттемелерінің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуді, тауарлардың талаптарға сәйкестігін талап етуді, тауарды жеткізбеу немесе кеш жеткізу жағдайларында орындалмаған міндеттемелер бойынша тұрақсыздық айыппұл өндіру мүмкіндігін шектейді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-тaraу, 43-бабы, 22-тармағы талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күннен кем болмауға тиіс. **6-тармақ.** Алайда, Кәсіпорынмен аталған талаптар сақталмай, 2018 жылы жалпы сомасы 3 262,6 мың теңгеге 11 шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің мерзімі күнтізбелік 15 күннен кем белгіленген (тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізімі қоса тіркеледі).

Шарттар талаптарының орындалу рәсімі бойынша шарттар іріктеліп қаралды. 2018 жылы сотқа өнім берушіні мемлекеттік сатып алулар жосықсыз қатысуышы ретінде тану туралы 1 талап арыз беріліп, талап арыз қанағаттандырылғандығын ескерілді, міндеттемелер толық орындалған.

## **11. Аудитпен қамтылған сұрақтар бойынша тұжырымдама**

Мемлекеттік аудит екі базалық көрсеткіштері «Тиімділік», «Нәтижелілік» және арнайы «Мемлекеттік кәсіпорынның қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар және қызметтің бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы», «Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің, даму жоспарларының орындалу нәтижелері», «Еңбек ресурстарын жұмыспен тиімді және нәтижелі қамту», «Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекакы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы», «Орналаскан аландардың, артық аландарды және құрал-жабдықтарды мүліктік жалға беру ережесінің белгіленген нормативтерінің сақталуы», « Тауар-материалдық қорларын және өзге активтерін тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы», «Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу және шарттар талаптарының орындалу рәсімдері» сұрақтары бойынша жүргізілді.

Мемлекеттік аудит «Тиімділік» көрсеткіші бойынша:

**«Бюджет қаражатының игерілуі»:** қаржы жылына техникалық және кәсіптік білім беруге бөлінген бюджет қаражатының игерілуі 100%. Кәсіпорынның бюджеттік бағдарламаларында іс-шаралар толық орындалған.

**Оқытушылардың сандық-сапалық құрамы»:**

**2018-2019 оқу жылы:** оқытушылар 52 (оның ішінде: оқытушылар 49, оку өндіріс шеберлері 3 (15 жоғарғы санатты, 16 бірінші санатты, 14 екінші санатты, 7 санаты жок, 2 техника ғылымдары кандидаты, 3 ғылым магистрі).

**2019-2020 оқу жылы:** оқытушылар 52 (оның ішінде: оқытушылар 47, оку өндіріс шеберлері 5 (20 жоғарғы санатты, 16 бірінші санатты, 8 екінші санатты, 8 санаты жоқ, 1 ғылым докторы, 2 техника ғылымдары кандидаты, 4 ғылым магистрі).

**2020-2021 оқу жылы:** оқытушылар 42 (оның ішінде: оқытушылар 39, оку өндіріс шеберлері 3 (жоғарғы санатты 17, бірінші санатты 14, екінші санатты 7, санаты жоқ 4 оқытушы, техника ғылымдары кандидаты 1, ғылым магистрі 2).

Откен оку жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіш 10% жоғарылаған.

Мемлекеттік аудит «Нәтижелік» көрсеткіші бойынша:

**«Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқу бітірген тұлектердің жұмыспен қамтылғандар саны» бойынша жұмыспен қамту тиімділігі:** (жұмыспен қамтылғандар мен тұлектер саны арасындағы арақатынас):

**2018-2019 оқу жылы:** Мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген тұлектер саны 80 білімгер, еңбекпен қамтылғандар немесе жұмысқа орналасқандар 72, жұмыспен қамтудың тиімділігі 90%

**2019-2020 оқу жылы:** Мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген тұлектер саны 121, еңбекпен қамтылғандар немесе жұмысқа орналасқандар 90, жұмыспен қамтудың тиімділігі 74,4%.

Нәтижелік көрсеткіш «Тұлектердің жұмысқа орналасуы»: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан және еңбекпен қамтылған ТЖКБ оқу орындары тұлектерінің үлесі 90%-дан 74,4%-ға төмендеген, оқу бітіргеннен кейін 3 айдағы жұмысқа орналасу деңгейінің төмендеуі ағымдағы жылдың нарыз айынан бастап коронавирустық инфекцияның алдын алу шараларына сәйкес кәсіпорындармен мекемелердің карантиндік режимде жұмыс істеуімен түсіндірліді.

«Жұмысшылар және қызметшілермен есеп айырысу, еңбекақы төлеу заңнамасы талаптарының сақталуы», «Орналасқан аландардың, қызметтік автокөліктерді ұстаудың, артық аландарды және құрал-жабдықтарды мүліктік жалға беру ережесінің белгіленген нормативтерінің сақталуы», «Тауар-материалдық қорларын және өзге активтерін тиімді пайдалану, сақталуы және есептен шығарылуы» нәтижелі.

Кәсіпорынның қызметін белгіленген сұраптар бойынша **нәтижелі**.

**11. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу degi кедергілер:** кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер жоқ.

**12. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар:**

1) Әр түрлі себептермен оқудан шығып қалған, оқуды аяқтамай кеткен білімгерлерге білім алуға жұмсалған бюджет қаражатының қайтарылу тәртібін реттеу бойынша үәкілетті органмен бірігіп жұмыстар жүргізілсін.

2) Білім беру мекемелерін бағалау индикаторлары бойынша шектік көрсеткіштерге қол жеткізілмеген индикаторлар бойынша 100% орындалуын қамтамасыз етуде жұмыстар жүргізілсін.

3) 2018-2020 жылдарға жасалған әлеуметтік әріптестік туралы келісімнің 6 тарауы, 6.5.5. тармақшасында «Білім беру ұйымдарының кітапхана қызметкерлеріне оқулықтардың кітапхана қорымен жұмыс үшін - 20%» қосымша ақы көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 Қаулысы 4-қосымшасы 6)-тармақшасына сәйкестендіріліп, өзгеріс енгізілсін.

4) Пайдаланылмай тұрған ғимаратты қоғам игілігі үшін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органмен бірігіп жұмыстар жүргізілсін нақты шаралар қабылдауды ұсынамын.

5) Пайдаланылмай тұрған, іске жарамсыз негізгі құралдар мен активтерді іске қосу бойынша, есептен шығару бойынша уәкілетті органмен бірігіп жұмыстар жүргізілсін нақты шаралар қабылдауды ұсынамын.

6) Функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар «Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратай құрылыш-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны лауазымды тұлғаларынан жазбаша түсініктемелер алынды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды.

**Қосымша:** 49 парапта.

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап 2 парапта;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі 5 парапта;

3) Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізімі 2 парапта.

4) 1-кесте. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламаларды) орындау жөніндегі ақпарат 1 парапта.

5) 12.10.2020 жылғы №121 түгендегі жүргізу туралы бұйрықтың тиісті түрде куәландырылған көшірмесі және түгендегі тізімдерінің түпнұсқалары 37 парапта;

6) Функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды тұлғалардың жазбаша түсініктемелері 2 парапта.

### Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметі

Бас маман-мемлекеттік аудитор

Г.Абілдаева

«Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қаратай құрылыш-техникалық колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Директор

Д.Маселбеков

Аудиторлық есепті танысуга алған күн:

2020 жыл «22» қазан

Директор

Д.Маселбеков

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі: \_\_\_\_\_